

Ленин жұлдыз

ҚК(б)П СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ
ЖӘНЕ ҚК(б)П ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 216 (8676)

1945 жылғы 2 ноябрь жұма

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20-тың

Мал қыстатуға әзірліктегі шешуші кезең

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы жүргізілген соғыс жылдарында колхозшы шаруалардың жеңіс жолына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Олар жауды тез және біржолата талқандау ісінен өштеңе аямай, жанқиярлықпен еңбек істеді. Қызыл Армиямызды азық-түлікпен, өнер кәсібімізді шикі затпен қоректендіріп жабдықтады. Колхозшы шаруалар, оның ішінде мал өсірушілер елімізге мал шаруашылығы өнімдерін еселеп мол берудің асқан үлгілерін көрсетті.

Соғыс біздің жеңісімізбен аяқталды. Елімізде бейбітшілікпен өркендеу дәуірі басталды. Колхозшы шаруалардың алдына бұрынғыдан да зор жаңа міндеттер қойылды. Олар еліміздің халық шаруашылығына соғыс түсірген жараны тезірек жазып, еліміздің әл-ауқатын арттыра беру үшін мал шаруашылығын өркендетіп, оның өнімін еселеп арттыруға міндетті болды.

Елімізде соғыстың аяқталып, бейбіт өркендеу дәуірі басталуымен жігерленген колхозшы шаруалар Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 28 жылдығын және Қазақ ССР-нің 25 жылдығын зор табыстармен қарсы алуға күш-жігерін аянбай жұмсап отыр. Олардың мереке алдындағы міндеттемелері — ауыл шаруашылығының барлық жұмыстарын аяқтау, оның ішінде мал өсіру жоспарын орындау, малды қысқа керекті азықпен, қормен тынғылықты жабдықтау болып отыр.

Үкметіміз бен партиямыздың мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қаулы-қарарларын орындай отырып, облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары ірі мал және төл өсіру жөніндегі мемлекеттік жоспарды орында да зор табыстарға не

дандарда мал қораларын жөндеуге көлік, адам күші жеткілікті шығарылмай келеді. Егіннің сабаны мен мекенін мал азығына ұқсату шараларын жүзеге асыру бұл аудандарда тіпті қолға алынбаған.

Мұндай жағдай Мамлют ауданында да мықтап орын теуіп отыр. Мұнда аудан басшылары мал шаруашылығы мәселелерімен жете шұғылданбайды. Тіпті олар ауыл шаруашылығының бұл саласын ұмыт қалдырды. Осының салдарынан бұл ауданда мал азығын дайындау жоспарының орындалуы өте мардымсыз, мал қораларының да басым көпшілігі жөндемеген. Мұның барлығы жоғарыда аталған аудан басшыларының Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің «Республиканың колхоздары мен совхоздарында мал қыстатуға әзірліктің барысы туралы» қаулысынан жете қорытынды шығармағандығын сыпаттайды.

Ендігі жерде аудан басшылары, бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары, ауылдық совет атқару комитеттерінің председателдері және колхоз басшылары мал қыстату жұмыстарының табысты өтуі оған тыңғылықты әзірленуге байланысты екендігін түсінуі керек.

Қазір облысымызда колхоздар мен совхоздардың мал қыстатуға әзірлігін тексеру жұмысы жүргізіліп жатыр. Әзірге 426 колхоздан 87 колхоз ғана мал қыстатуға толық әзірлік жөнінде аттестат алды. Шынында осы мерзімге дейін облыстың барлық колхозы мен совхозы мал қыстату маусымына сақалай сай болуы керек еді.

Бұдан былай мал қыстату маусымына әзірліктегі бұл сияқты кемшіліктерге

АСТЫҚ ҮШІН КҮРЕС—ЕЛІМІЗДІҢ КҮШ-ҚУАТЫ АРТТЫРУ ҮШІН КҮРЕС

Ауыл-село жастары мереке алдындағы социалистік жарыста

М. ПОПОВ,

ҚКЖО облыстық комитетінің
секретарі.

Қомбаймен егін жыйнау осындай үздік табыстарға не болған комсомол-жастардың агрегаттары ондап саналады. Олардың қатарына Петропавл МТС-нан Михаил Ем, Налобин МТС-нан Иван Некрасов және Дмитрий Квинин жолдастар басқарған комсомол-жастар агрегаттарын қосуға болады.

Егін жыйнау жұмысының нағыз қызған кезінде 800ден аса жас колхозшылар, оның ішінде 654 комсомол мүшесі лобогрейкашы болып жұмыс істеді. Лобогрейкамен егін жыйнаудың шебері Оқан Сауытов ақсақалдың үлгісі бойынша көп теген жас лобогрейкашылар егін орында зор табыстарға не болды. Жастар арасындағы социалистік жарыста Ленин ауданындағы Сталин атындағы колхоздың лобогрейкашысы Иван Волков жолдас озып шықты. Ол 44 жұмыс күні ішінде бір лобогрейкамен 420 гектар егін орды, ал Волков жолдаспен социалистік жарысқа түскен осы колхоздың лобогрейкашысы комсомол мүшесі Рамазан Әлиев жолдас 330 гектар егін орды.

Облысымызда ұйымдастырылған комсомол-жастардың керуеншілер бригадаларының мүшелері де аянбай жұмыс істеуде. Петропавл және Приешім аудандық

Приешім ауданында (аудандық комсомол комитетінің секретарі Ларкина жолдас) мемлекетке астық тасу үшін комсомол-жастардан 34 керуеншілер бригадасы ұйымдастырылған еді. Бұл бригадалар ауданның барлық тапсырған астығының 76 процентін дайындау орындарына тасиды.

Осы аудандағы «12 лет октября» колхозында Воропаева және Власова жолдас тартып, Мамлют ауданындағы Вильямс атындағы колхозда Поливанова жолдасын басқаруындағы комсомол-жастардан құралған керуеншілер бригадалары колхоздарда астық дайындау жұмысын ойдағыдай жүргізуге зор үлес қосты. Мұның өзі бізге зор мақтаныш.

Алайда, аудандық комсомол комитеттері мен бастауыш комсомол ұйымдарының барлығы бірдей керуеншілер бригадалары арасындағы социалистік жарысқа нақтылы басшылық жасай алмай отырғандығын мойындауымыз керек. Булаев, Мамлют және Қоняхов аудандарында астық тасу да үздік шыққан керуеншілердің тәжірибесі жұртшылық игілігіне айналдырылмай келеді. Осының салдарынан бұл аудандарда астық бастыру және мемлекетке астық тапсыру жөніндегі тапсырмалардың орындалуы мүлде мардымсыз болып отыр. Міне, жастар арасындағы социалистік жарысқа осындай нашар басшылық жасау салдарынан колхоздар мен совхоздар мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындауда артта қалған қатарына қосылады.

Астық бастырудағы бұл сыпайлыққа бұдан әрі түзуге тіпті Олай болса, жоғарыда аталған аудандардың басшылары астық бастыру жұмысының қарқынды күшейту арқылы дайындау жоспарының тез орындауын қамтамасыз ету керек.

Астық бастыру күшейту керек

«Большевик-1» колхозы (Мамлют ауданы) мемлекетке астық тапсыру орындауды кешеуілдетті. Мұны себебі—колхозда астық бастыру жұмысының ойдағыдай ұйымдастырылмай, ғалпығы болып отыр.

Егін даласында күні осы үшін 400 гектар егіннің басмалда, шөмеде немесе атжалда, на қарамастан, колхоз председателі жолдас астық бастыруға қиыншылықты пайдаланбай келеді. Мысқа қырман тастарын пайдаланбай, не астықты мал аяғымен бастырып, қолдану Мұрычев жолдасын жасамас еді.

Астық бастыру жұмысының «Жданов атындағы және «Интерный труд» колхоздарын да осы таттанғысыз батып отыр. Сондықтан бұл колхоздар мемлекет алдындағы парызы—астық дайындау орындауда артта қалған қатарына қосылады.

Астық бастырудағы бұл сыпайлыққа бұдан әрі түзуге тіпті Олай болса, жоғарыда аталған аудандардың басшылары астық бастыру жұмысының қарқынды күшейту арқылы дайындау жоспарының тез орындауын қамтамасыз ету керек.

Қызыл өскер совхозы
парызды орында

Ендігі міндет—мал шаруашылығындағы осындай табыстарды баянды ету болып отыр. Оны баянды етудегі, жалпы мал өсірудегі ең жауапты кезеңі—мал қыстатуға тыңғылықты әзірленіп, оны ойдағыдай өткізу болып саналады. Бірақ бұл жұмыс облысымызда әлі қапағаттанғысыз жүргізіліп келеді. Мәселен, мал азығын дайындау жоспары облыс бойынша күн бүгінге дейін 70 процент ғана орындалды. Мал қыстатуға әзірліктің қапағаттанғысыз жүргізіліп отырғандығы аяғының өзі-ақ айқын ыспаттайды.

Октябрь мерекесі және Қазақ ССР-нің 25 жылдығы қарсаңындағы социалистік жарысты кең өрістете отырып, жекелеген алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздар мал қыстатуға дайындықты ойдағыдай жүргізді. Мәселен, Преснов ауданындағы «Октябрь» колхозында мал азығын дайындау жоспары 113 процент орындалды. Барлық мал азығының қазірдің өзінде 70 проценті қыстаулар жанына тасылды. Мал қыстатуға осы аудандағы «Пламя» және «Красное знамя» колхоздары да тыңғылықты әзірленді. Сол сияқты, совхоздардың ішінде Шағлы астық совхозы қыс маусымына үлгілі әзірленді.

Бірақ, мал қыстатуға әзірлік жұмысы облыстың барлық жерінде осындай ойдағыдай жүргізіліп отырған жоқ. Өткен жылы кейбір аудандарда дайындалған мал азығы ташпы болып, мал қораларының қысқа әзірленбеуінен бір аз мал шығынға ұшыраған болатын. Булаев, Конюхов және Соколов аудандарының басшылары өткен жылғы осы сияқты қателікті быйыл да қайталап отыр. Мұның аяғы қыс маусымының жақындап қалғанына қарамастан мал қыстатуға әзірлік өте мөте нашар болуына әкеліп соқты. Аталған ау-

60-70 проценті қыстаулар жанына тасылып алынатын болсын. Мал азығын күзету, оны өрттен сақтау шараларын жүзеге асыру—колхоз басқармаларының басғы міндеті. Мал қыстатуға әзірлік жұмысы тарына қолма-қол, күнбе-күн басшылық жасап, бақылап қадағалап отыру—партия және совет ұйымдарының күнделікті ісіне айналуға тиіс.

Мал қыстатуға әзірлікте малшылардың тұрмыс қажетін өтеу ісін де естен шығаруға болмайды. Ең алдымен әрбір малшының ішінде әсіресе күндіз-түні күзетте болатын адамдар жылы киіммен қамтамасыз етілетін болсын. Колхоз басшылары малшыларға керекті жылы киімдерді осы бастан әзірлеп қоюға міндетті. Сондай-ақ малшылар тұратын пәтер үйлер жөндеіп, қыс маусымына сақдай-сай етілеіні.

Сол сияқты, аудандық партия комитеттерінің үгіт-насихат бөлімдері мал қыстатуға жұмыс істейтін колхозшылардың мәдени қажетін өтеу жоспарларын жасап, оның дәл орындалуын қамтамасыз ету керек болады. Мал қыстайтын орындардағы мәдени мекемелерде газеттер мен журналдардың, мәдени аспаптарының болуы осы бастан ескерілісін.

Мал қыстату—аса жауапты жұмыс. Қысқа әзірлену жұмыстарындағы кемшілікті тез жоюға облысымыздың мүмкіншілігі мол. Тек партия және совет ұйымдарының басшылары мал қыстатуға әзірлік жұмысына большевикше басшылық жасап, еңбекті дұрыс ұйымдастыру керек.

Мал қыстатуға ойдағыдай әзірленіп, Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 28 жылдығы мен Қазақ ССР-нің 25 жылдығын зор табыстармен қарсы ала-йық!

Луи Пастерге арналған ғылыми сессия

ЛЕНИНГРАД, 17 октябрь. (ТАСС). Ленинградтың медицина жұртшылығы атақты білімпаз Луи Пастердің қайтыс болғанына 50 жыл толған күнді құрметпен өткізді. Бұған арналған ғылыми сессия үш күнге созылды.

Медицина қызметінің генерал-майоры профессор Аристовский Луи Пастердің өмірі мен ісі туралы үлкен баяндама жасады. Профессор Полинскийдің «Өздігінен жаралау» деген тақырыптағы баяндамасы өте қызықты болды. Профессор Владимирова кислород жоқ жағдайда микробтардың өмір сүруі және әрекет ету туралы баяндама жасады. Сессияда мұнан басқа Ленинградтың қарт профессорларының бірі Селибердің «Пастер және экологиялық микробиология» деген тақырыптағы баяндамасы тыңдалды.

Бүгінгі қорытынды мәжіліс инфекцияның қазіргі мәселелеріне, иммунитетке және аурудан алдын-ала сақтау үшін дәрі ету мәселелеріне арналды. Профессорлар Поффен, Берман, Кашкин өздерінің баяндамаларында Пастердің жұқпалы ауруларға қарсы күрестегі еңбегін және совет ғылымының бұл жөндегі, әсіресе Отан соғысы жылдарындағы табыстарын баяндады.

ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ БЕС КҮНДЕ АЯҚТАЛДЫ

СВЕРДЛОВСКИЙ, 29 октябрь. (ТАСС). Свердловский ағаштан аспаптар жасау комбинатының үй жасайтын цехы бірқатарлы үйлер жасап шығаруда. Бұл цех

бір қатарлы үй құрылысын бес күнде толық аяқтап отырады. Свердловскіде салынған алғашқы 50 үйдің сапасы жақсы болып шықты.

оның алдында үздік табыстарға ие болды.

Егін жыйнауға жұмыс істеген 94 жас комбайншылар агрегаттары 35200 гектар егін жыйнап, өздерінің алған міндеттеме жерін 2300 гектар артық орындады. Әрбір агрегат орта есеппен 375 гектар егін жыйнады. Коновалов МТС-нің комбайншысы комсомол мүшесі Петр Бычкар жолдас тіркеудегі екі «Сталинец» комбайнымен 1370 гектар егін жыйнап, 12 центнер жанармай үнемдеді. Комбайншы Александр Полухин жолдас та осы маркалы комбайнмен 730 гектар егін жыйнап, комбайн күшін сарқа пайдаланды. Тамаша үлгісін көрсетті. Осы сияқты Соколов МТС-нің комбайншысы Степанида Коркина жолдас «Сталинец» комбайнымен 700 гектар егін жыйнады да, Қазақ ССР-нің 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыста үздік шықты.

Әрбір бригадасы ұйымдастырылды. Әрбір бригаданы мемлекетке астық тапсырудың күнделікті және бес күндік тапсырмалары жеткізілді. Аудандық комсомол комитеті әрбір бригадала бұл тапсырмалардың сәтсіз орындалып отырылуын үнемі мүмкін бақылауда болды, астық тапсырудағы алдыңғы қатарлы бригадалардың жұмыс тәжірибесін барлық бригадалардың игілігіне айналдырды. Осының нәтижесінде Петропавл ауданындағы комсомол-жастардың керуеншілер бригадалары 25 октябрьге дейін дайындау орындарына 31959 центнер орнына, 33102 центнер астық тасып, тапсырманы анағұрлым артық орындады. Сонымен, ауданның барлық колхоздарының мемлекет алдындағы бірінші парызды мүлтіксіз өтеуіне және астық тапсырудың барысында Петропавл ауданының үздік шығуына үлкен қолғабыс тигізді.

ден күшейту ісіне жұмылғыра білуді керек. Астық бастыру жұмысының күндіз-түні бірдей жақсы ұйымдастырылуы қадағалау қажет. Аудандық комсомол комитеттерінің барлық бастауыш комсомол ұйымдарының және әрбір комсомол мүшесінің міндеті—мемлекетке астық тапсыру жоспарының әрбір колхоз бен совхозда толық орындалуына атсалысу болып саналады.

Комсомол мүшелері мен жастар! Колхоздар мен совхоздардың егін даласында бұрынғыдан да күшті жігермен жұмыс істейік! Сөйтіп, Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 28 жылдығы мен Қазақ ССР-нің 25 жылдығын астық бастыруды толық аяқтап, мемлекет алдындағы бірінші парызды мүлтіксіз өтеумен қарсы алайық!

Мемлекетке астық тапсырудың 1 бөлімшесінің коллективі ұлы Бұл бөлімше мемлекетке 2 мың астық тапсырды. Қазір бөлімше жоспардан тыс астық 1 арба және 2 автомобиль жүр.

ЕҢБЕККҮНГЕ МОЛ АСТЫ

Преснов ауданындағы «Базарасты» колхоздарда колхозшы бек күндеріне көп астық бөлінген. Мәселен «Тауағаш» колхозы Қазыбеков 821 еңбек күніне иер. Қоныспаев 4 центнер, Зверев Ұрыспаев 3,80 центнер астық. Осы сияқты «Сарман» колхозшы қарт Смайлов жолдас бек күндеріне 4, 80 центнер алады.

МАЛ ҚЫСТАТУҒА ӘЗІРЛІК

АТТЕСТАТ АЛДЫ

Булаев ауданындағы «Қарашоқ» колхозы мал шаруашылығын өркендету жөніндегі алдыңғы қатарлы колхоздардың бірі болып саналады. Бұл колхоз қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі үкметіміз бен партиямыздың қаулы-қарарларын мүлтіксіз жүзеге асыратырып, бұл жұмыста жылдан-жылға жаңа табысқа ие болып келеді. Колхозда қоғамдық мал басы әсіресе соңғы жылдар ішінде өселеп артты. Бұған 4—5 жыл бұрын колхозда 14 қара мал және 20 шоқты-қой-ешкі болса, қазір колхозда 96 қара мал, 152 қой-ешкі және 19 жылқы бар. Сонымен, соңғы жылдар ішінде қара мал басы 16 процент, қой-ешкі басы 55 процент және жылқы 99 процент көбейді.

Мал шаруашылығын өркендетудегі бұл таңдаулы колхоз мал шаруашылығын өркендетудің жылдық жоспарын бийыл да түліктің барлық түрінен артығымен орындап шықты. Мемлекетке мал шаруашылығының өнімін тапсыру жөніндегі міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеді. Келесі жылдың есебіне центнерлеген ет, сүт және жүн, сол сияқты ондаған тері өткізілді.

Колхоздың мал шаруашылығында мал шаруашылығын өркендету жолында аянбай еңбек істеп жүрген бірнеше таңдаулы адамдар бар. Колхозшылар оларды мактан өтеді.

Сауыншылар Наурызбаева Бәтима және Токмеейлова Қанша жолдастар өздеріне беріліп берілген әрбір сауын сыйырдап 700 литр орнына, 839 литр сүт сауды.

Бұлар 14 сыйырдан 14 бұзау алып, оларды шығынсыз өсіріп келеді. Колхоз басқармасы таңдаулы сауыншылардың еңбеккүндеріне қосымша ақыға бір-бір қой берді.

Колхоздағы таңдаулы малшылардың бірі—Тәшкен Белгібаев қарт. Оның жасы алпысты қусырды. Бірақ, бұған қарамастан, Белгібаев қарт 19 жылқыны бағып-қағуда тамаша үлгі көрсетті. Белгібаев қарттың да бұл еңбегі бағалануысыз қалған жоқ. Ол бұл еңбек күніне қосымша ақыға бір қой алды.

Осы сияқты шопаң Төлетәев қарт та колхозды аулымыздың таңдаулылары қатарынан орын алады.

Колхоз председателінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Әлкенов жолдас мал қыстатуға әзірлікті ерте қолға алды. Колхозда мал азығын дайындау жоспары артығымен орындалды. Дайындалған мал азығының қазірдің өзінде 60 проценті мал қыстайтын орындарға тасылды. Сонымен бірге, мал қыстайтын қоралар қыс маусымына сақдай-сай әзір болды.

КК(б)П аудандық комитеті мен аудандық совет атқару комитетінің бригадасы жуырда бұл колхоздың мал қыстатуға әзірлігін тексеріп, бұл әзірліктің ойдағыдай екендігін анықтады. Сөйтіп, колхоз мал қыстатуға толық әзірлік жөнінде аудандық партия комитеті мен аудандық совет атқару комитеті аттестат алды.

К. АБДолов,

Булаев ауданындағы «Қарашоқ» колхозының өсепшісі.

ЖАУАПСЫЗ БАСШЫЛАР

Полудень ауданындағы «15 жылдық Қазақстан» колхозында мал азығын дайындау жоспарын сөзсіз орындауға мүмкіншілік жеткілікті. Мұнда мал өсіруші бригаданың өзінде ғана ондаған адам бар. Бірақ, осыған қарамастан бұл колхозда қыс кезінде қоғамдық малдың азықсыз қалу қаупі туып отыр.

Өйткені мұнда мал азығын дайындау жоспары 35 процент ғана орындалды. Алайда, бұл колхозда қазір мал азығын жеткілікті мөлшерде әзірлеу үшін күрес жоқтың қасы. Колхоздың егін даласында мыңдаған центнер сабан жатыр, бірақ колхоз басшылары оны мал азығына ұқсату шараларын қарастырмайды.

Колхозда қоғамдық мал шаруашылығы мал азығымен қамтамасыз етілмеген, жылы мал қоралары әзірленбеген. Бұған күні осы уақытқа дейін бірде-бір мал қорасының жөнделмегендігі айқын дәлел бола алады.

Осы сияқты, Чкалов атындағы колхозда өткен жылы мал қыстатуға зор қы-

йыншылықтар кездесті. Мал жеткіліксіздігінен бірсыпыра мал болды. Дегенмен, колхоз басшы кемшіліктен быйыл да жете шығармай отыр. Мұнда қыс мал қоралары әзірленбеген, жеткілікті мөлшерде жыйналмай болған шөп қыстаулар жанымаған.

Бұл колхоздың мүшелері Қазақстан 25 жылдығы атындағы бүкіл социалистік жарысқа ұштасқандық мал шаруашылығын жылы және құнарлы мал азығымен тым қамтамасыз етуге міндеттен. Бұл міндеттемеге колхоз председателі және оның мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Ниналина да қол қойған болатын.

Социалистік жарыста алынған темелерді орындауға жауапсыз және бұл істе қабілетсіздік колхоз басшыларын аудан бекке жөнге салуы керек.

М. ЕГІ:

Қысқа әзір колхоз

Киров атындағы ауыл шаруашылық артелінің (Приеміш ауданы) колхозшылары алдағы мал қыстату маусымына әзірлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізді. Мал өсірушілердің жуырда болып өткен аудандық мәслихатында бұл колхоздың мал қыстату маусымына толық әзір отырғандығы атап көрсетілді.

Колхозда мал азығын дайындау жоспары 105 процент орындалды. Даладағы мал азығының 2300 центнері мал қыстау

лары жанына тасылып үйілді. Колхозда мал азығының бері жасалумен бірге, жылы қора Колхоз мал өсірушілері Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 28 жылдығы мен Қазақ ССР-нің 25 жылдығындағы социалистік жарыста алынған темелерін аброймен орындай мал қораларын қыс маусымына әзірлеп қойды.

Б. ЕЛЕ

ҮГІТШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Қазақ ССРның өнеркәсібі

Қазақстанның жаратылыс байлықтары теңіз. Сонда да қазақ халқы ғасыр ғасырға кедейленумен келді. Тек Октябрь Социалистік революциясы ғана Революция халықтарының правосыздығын, теңігін жойып, оларды мұхтаждықтан, үмілктен құтқарды. Қазақ халқы орыс халқының туысқандық жәрдемі, большевиктер партиясының, совет етінің және данышпан Сталиннің басшылығымен өзінің ерікті және бахытты өмісін құра бастады.

1920 жылы Қазақстанда бірде-бір тон мыс қорытылмаған еді. Капиталистер қапталған Ридер рудниктері қарап қалып, Ембі мұнай промыселдары мүлде ішпен еді. Екібас тұздағы төрт шахта екі шахта ғана азды-көпті жұмыс ійді. Шет ел басқыншылары мен ақ дияшылары Қазақстандағы кәсіп иелерін қыйратып кетті. Революция азамат соғысы кезіндегі бүліншілік шаруашылықты нашарлатты. Қазақстанда социалистік өнеркәсіп орнату үшін Советтер Одағы көмектесті. Қазақстанда өнеркәсіптің күшті қармен күшейтілуі Лениндік-Сталиндік саясатының жүзеге асырылуының нәтижесі болды. Қазақ даласының ыр аудандарында, шикі зат пен күштінің мол жерлерінде үлкен кәсіп іздері салынды. Қазақстандағы социалистік құрылыстың 25 жыл ішінде тас және қоңыр көмір шығатын көп іздер пайдалануға тапсырылды. Сталиндік бірінші бес жылдық кезінде Ақмола Карағандыға дейін темір жолы салынып, Карағандының көмір қорын зерттеу ісі Шаяхметовтің басшылығымен жүргізіліп, 1930 жылдан 1935 жылдың аяғына қарай Карағанды жалпы ұзындығы 50 метр 226 скважина қазылды, 25 га салынды. 1932 жылы Карағанды көмір өнімі 1911 жылғыдан 11 есе өсті.

Екінші бес жылдықта Карағанды бассейні Оралдың және Солтүстік-шығыс Қазақстанның өнеркәсібін отынмен толық асырауға ету міндеті жүктелді. Сол кезінде Карағандыда 15 шахта жұмыс істеді. Бұл шахталардың арасында жылы миллион тоннадан аса көмір бөрі шахталар болды. Байыту фабрикасының Карағандының үлкен электр станциясы салуға кірісілді. Сталиндік үшінші бес жылдықтың аяқ шенінде Карағандының жылдық көмір өнімі 1913 жылғымен салыстырғанда 100 есе артық болды.

Кейін Ембі мұнайының өнімі 1921 жылғы 3,4 мың тоннадан 1932 жылы 249 мың тоннаға жетті.

Сталиндік екінші бес жылдықта Қазақстанда көп жерде, оның ішінде Ақтөбе облысында мұнай табылды, жаңадан оңтүстік Ескене, Қосағалы, Шұбар құдық мұнай промыселдары пайдалануға тапсырылды. Гурьев пен Орскі арасында мұнай құбыры салынды. Сталиндік екі бес жылдықтың ішінде Орал-Ембі мұнайлы ауданының меңгеруге 500 миллион сом жұмсалды. Бұл уақыттың ішінде Қазақстанның мұнай өнеркәсібінің негізгі өндіріс қорлары бес еседен аса көбейді. 1941 жылы ұзындығы 183 километр Гурьев-Россығалы су құбыры салынып болды. Мұның арқасында мұнай промыселдары жақсы сумен қамтамасыз етілді.

Отан соғысы кезінде Комсомол, Жолдыбай, Қошқар мұнай промыселдары, 1945 жылғы май айында Төнтөксор мұнай промыселі пайдалануға тапсырылды. Отан соғысы жылдарында, елімізді колхоз мұнаймен жабдықтау қыйынға айналған кезде, Ембі Қызыл Армияны жанармаймен жабдықтап, орасан зор міндет атқарды. Ембі мұнайшыларының жанқиярлық еңбегі арқасында Қазақстан 1941 жылы елімізге мұнайды 1940 жылғыдан 24 процент көп берді, ал 1943 жылы мұнай 1940 жылғыдан 1,4 есе көп шығарылды. Қазақстанда мұнай өнімі 1920 жылдан 1944 жылдың аяғына дейін 27 есе көбейді.

Ембі-нефть қазіргі уақытта Советтер Одағының ең мұнайлы аудандарының бірі Ембідегі 12 промыселдің бәрі де негізгі Гурьев-Орскі мұнай құбырымен жалғастырылды. Бұл мұнай құбырымен Орскінің мұнай айыратын заводтарына мұнай жеткізіліп тұрады. Гурьев маңдай алды техникамен жарақталған, мұнай айыратын жаңа завод салына бастады. Қазақстанның мұнай өнеркәсібі үшін машина-жабдық жасайтын үлкен завод салынды. Темір жолдан қашық Қосағалы промыселі мен Мақат станциясы арасында тар табанды темір жол салынады. 1947 жылы Қазақстанда мұнай өнімі 1944 жылғыдан 100 мың тонна артады.

Октябрь Революциясына дейін Қазақстанда кара металлдар шығарылмайтын. Тек 1938 жылы ғана кара металлургия заводтары жабдықтау үшін, Дон хромиттерін шығаруға кірісілді. 1941 жылы Донның хромит кені негізінде, Қазақстан кара металлургиясының тұңғышы—Ақтөбенің Феррохромсплав заводын

металлургия заводы салынды. Бұл—Советтер Одағындағы ең үлкен завод болады. Сөйтіп, таяудағы жылдарда Қазақстанның қуатты кара металлургия өнеркәсібі құрылады. Мұның өзі Қазақстанның металл бұйымдар, машиналар жасау өнеркәсібінің онан сайын тез күшейуіне негіз болады.

Отан соғысы жылдарында Қазақстанда машина және метал бұйымдар жасау өнеркәсібі құрылды. Бұл өнеркәсіп көшіріп әкелінген заводтар негізінде құрылды. 1941 және 1942 жылдары Қазақстанда көшіріп әкелінген жекө заводтар 2-3 айдан кейін-ақ қайтадан жұмысқа кірісіп, Қызыл Армияға оқ-дәрі, қару-жарақ даярлап беріп тұрды. 1942—1943 жылдарда Қазақстан заводтары майданға 1 миллиард сомнан артық өнім берді. Қару-жарақ пен оқ-дәрінің жаңа түрлерін көптеп жасауды меңгерді. 1942 жылдан 1944 жылдың аяғына дейін Қазақстанда Отан қорғау заводтарын салуға ондаған миллион сом қаржы жұмсалды, 78 мың шаршы метрден артық өндіріс үйлері пайдалануға тапсырылды. Бірсырпа үлкен заводтар мүлде жаңадан салынды.

Соғыс қазақдарымен бірге, Қазақстанның машина өнеркәсібі республикамыздың кара металлургия, түсті металлургия өнеркәсібі және халық шаруашылығының басқа салалары үшін машина-жабдық жасап тұрды. Ауыл шаруашылық машиналарының запас бөлшектерін жасау бұйылы 1943 жылғыдан бес есе артты.

Қазақстанда ауыл шаруашылық машиналарын жасайтын өнеркәсіп құрылады. 1942 жылы Ақмола қаласында «Қазсельмаш» заводы салына бастады. Бұл завод 1944 жылдың өзінде-ақ мыңдаған күрделі ауыл шаруашылық машиналарын жасап шығара бастады. Қазіргі уақытта бұл заводтың негізгі өндіріс цехтары мен электр станциясы салынып болуға жуық. 1946 жылы завод толық күшімен жұмыс істей бастайды.

Қазақстанда түсті металлдар өте көп. Қазақстанның полиметалл және мыс өнеркәсібі қазіргі уақытта Алтайдың оңтүстігі және Орталық Қазақстанның түсті металл кендері негізінде жұмыс істейді. Алтай полиметалл өнеркәсібінде Лениногор және Ертіс комбинаттары бар. Лениногор комбинаты Лениногор қорғасын заводы, байыту фабрикалары мен рудниктерді қамтыйды. Бұл заводқа қорғасын концентраттарын Зрян, Екінара,

қорыту 1940 жылғыдан 50,3 процент артты.

Қазақстанның алтын өнеркәсібі де едәуір күшейді. Екінші бес жылдықтың аяқ шенінде Қазақстанда көп рудниктер мен приклерді қамтыйтын Алтайзолото, Қаззолото және Жітіқаразолото трестері жұмыс істеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда 50 шакты жерде алтын шығарылады. Соңғы жылдарда никель кенін өнеркәсіп жолымен кенінен пайдалануға кірісілді. Екінші бес жылдықтың аяқ шенінде Қазақстанда полиметалл кенінің шығарылуы 1913 жылғыдан 1400 есе, мыс кені 3 есе артты. 1947 жылы Қазақстанда кара мыс өнімі 1944 жылғыдан біржарым есе, қорғасын өнімі 2,5 есе, мырыш—5 есе артады.

Сирек кездесетін металдар Қазақстанда Алтайда, Жоңғар Алатауында және басқа аудандарда шығарылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда 17 жерде вольфрам, 4 жерде молибден, 16 жерде қалайы шығарылады. Сирек кездесетін металдар шығару соғыс кезінде едәуір артты. Қазақстан бүкіл Советтер Одағында өнетін вольфрамның жетіден бірін, қалайының сегізден бірін, оның үстіне Қоңыраттың мыс кенінен айырылатын көп молибден беріп тұрды. Балқашта өте аз уақыттың ішінде молибден айыратын завод салынды. Бұл завод Оралдың металлургия заводтарына 1941 жылғы 7 ноябрьде молибден бөрі бастады. Молибден заводынан тыс соғыс жылдарында балқаштықтар Шығыс Қоңырат молибден руднигін салды. Алтайда және басқа аудандарда соғыс кезінде молибден өнімі едәуір артты. Отан соғысы кезінде түгелінен дерлік жаңадан құралған Қазақстанның молибден өнеркәсібі 1943 жылдың өзінде-ақ бүкіл Советтер Одағындағы молибден өнімінің үштен екіге жуығын берді. Бұрын ескерілмей келген кадми, индер және басқа сондай кішкене металдарды айыру жөнінде зор табыстарға жетті.

Қазақстанда химия өнеркәсібі Сталиндік бесжылдықтар кезінде күшейтілді. Ақтөбе кені негізінде химикаттар жасайтын үлкен химия комбинаты салынды. Индер, болат кендерін шығаруға, Арал бассейніндегі сульфат кенін өнеркәсіп жолымен пайдаға асыруға кірісілді. Шымкентте химия-фармацевт заводы жұмыс істейді. Бұл—дүние жүзіндегі саптонин дәрісін жасайтын бірден-бір завод. Қаратауының флюорит кені негізінде 1942 жылы

Комсомол мүшелерінің кеші

29 октябрьде коммунистік жастар одағының құрылғандығына 27 жыл тоқты. Петропавлдағы орталық электр станциясында бұл дақты күннің хұрметіне комсомол мүшелерінің үлкен кеші ұйымдастырылды.

Мереке күніндегідей жабдыкталған үйге таңдаулы комсомол мүшелері, электр станциясы құрылысының басшылары мен қонақтарлық толды.

Жыйын президиумына құрылыстағы комсомол ұйымының секретарі Ася Лев, комсомол мүшесі Николай Гаврилов инженер Колосов, өнеркәсіп аудандық комсомол комитетінің секретарі Шершнев, электр станциясы құрылысының бастығы Иванов тағы басқа жолдастар сайланды. Хұрметті президиумға БК(б)П орталық комитетінің саясаттық бюросын сайлау жөніндегі ұсынысты жыйынға қатысушылар ду қол шапалақтаумен қарсы алды.

Электр құрылысын пайдалануға беру бөліміндегі комсомол ұйымының секретарі Шунахина жолдас жыйынға қатысушыларды комсомолдың 27 жасқа толуымен құттықтады. Жыйында баяндама жасау үшін қалалық партия комитетінің лекторы Пушкина жолдасқа сөз берілді. Баяндамашы комсомолдың азамат соғысы жылдарындағы, бейбітшілік жылдарындағы және Гитлер Германиясына қарсы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ұйымдастырушылық ролін ерекше атап көрсетті.

Баяндамадан кейін бірнеше адам шығып сөз сөйлеп, жас құрылысшылардың зор табысқа жеткендігін баяндады. Құрылысшылардың мемлекеттік тапсырманы ойдағыдай орындап, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен КК(б)П орталық комитетінің ауыспалы Қызыл Туын алуында комсомол мүшелерінің зор үлесі бар екендігі атап көрсетілді.

Салтанатты мәжілістен кейін сауық кеші болды.

Медені табыстармен қарсы алғалы отыр

Октябрь ауданының «Өрнек» колхозы жанындағы бастауыш комсомол ұйымының (секретарі Бекенова жолдас) мүшелері Қазақ ССРның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста жеңісімізге сай жұмыс істеуде.

Бұл ұйымда 10 мүше бар. Комсомол мүшелерінің әр қайсысы шаруашылықтың түрлі саласында колхозшыларға қолқабыс тигізіп, жұмыс қарқынын, үдеуте. Мәселен, комсомол мүшелері Б. Жәке

Жастардың дүние жүзілік конференциясының ашылуы

ЛОНДОН, 30 октябрь. (ТАСС). Көше, Альбертхоллада жыйын өткізіліп, жастардың дүние жүзілік конференциясы ашылды. Жыйынға 5 мыңнан аса адам қатысты. Жыйынға келгендер 64 елдің өздерінің ұлттық жалауларын көтеріп, залдан салтанатпен өткен өкілдерін жылы жүзбен қарсы алды.

Председательдің кіріспе сөзінен кейін Англияның сауда министрі Стаффорд Криппс жыйынға келгендерге арнап сөз сөйледі. Ол былай деді: «алдағы уақытта көп жылдар бойына белсенділікпен жұмыс атқаратын дүние жүзінің жастары болашақ өмірді қалай ұйымдастыру керек екендігі туралы өздерінің көз қарастарын білдіруге тиіс».

Жыйында Англия королі Георг VI-ның, Трумэннің, Эттлдің, Бевиннің, Стетиниустың, Ван Шен-цзөнің және Кафтановтың конференцияға жіберген құттықтау телеграммалары оқылды.

Алан-Буштың басқаруындағы жұмысшылардың музыка ассоциациясының хоры ағылшын, қытай, югославия және совет әндерін орындады. Жыйынға қатысушылардың барлығы салтанатты жастық ант берді. Залда тұрған мыңдаған жас адамдар былай деді: «жер бетінде фашизмнің барлық белгісін толық жойып, халықтар арасында шың жүректен және баянды достық орнату үшін біз дүние жүзінің барлық нәсілдегі, барлық түстегі, барлық ұлттағы, барлық діндегі жастарының бірлік ынтымағын құруға міндеттенеміз».

Жыйын СССР-ның, Қытайдың, Францияның АҚШ пен Англияның ұлттық күйлерін орындаумен аяқталды.

Англия ванкін ұлттандыру туралы заң жобасының қабылдануы

ЛОНДОН, 30 октябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, 29 октябрьде бұхара палатасында англия ванкін ұлттандыру туралы заң жобасы екінші рет оқылды.

Консервативтік оппозицияның бас шешені ретінде сөз сөйлеген Джон-Андерсон (бұрынғы қаражат министрі) бұл заң жобасының мүлде хажет емес екендігін мәлімдеді.

Заң жобасын қабылдау үшін бұхара палатасының 348 мүшесі дауыс берді. 153 дауыс бұл заң жобасына қарсы шықты.

Англия порт жұмысшыларының ереуілі

ылы 370,8 тоннаға жетті. Мұның өнеркәсібін механикаландырудың және еңбектің жаңа әдістерінң нәтижесі болды.

Әдік үшінші бес жылдық кәдіріс күшін арттыра отырып, Қаңың көмір өнеркәсібі 1944 жылы 1940 жылғыдан екі есе көп, ылғыдан 160 есе көп берді. Қараң өндіріс қуаты 1947 жылдың бірнеше есе артады:

Әдік бірінші бес жылдықтың бас Қазақстанда тек Доссор мен Маңы промыслдары жұмыс істеді. 3 промысл жұмысқа кіріскеннен

рып, оны автомашиналармен темір жолға жеткізіп тұрды. 1943 жылдың өзінде-ақ Жезді руднигі Магнитогор металлургия комбинатының хажетін 50-60 процент өтеп тұрды.

1943 жылдың екінші жартысында Қарағандыда қара металл заводы салына бастады. Метал сынықтарын және қара металл қалдықтарын қайта қорытатын бұл заводтың бірінші кезектегі бөлімі 1944 жылдың аяғында жүргізілді. Бұл завод болат құяды, рудник рельстерін және басқа сондай бұйымдар жасайды.

Таяудағы уақыт ішінде Орталық Қазақстанның темір кендері негізінде Қарағандыда қара металлургияның алыбы—қара

Орталық Қазақстанда мыс өндірісі күшті. Европада теңдесі жоқ Балқаш мыс заводына кенді, маңдай алды техникамен жабдықталған Қоңырат руднигі жерістіріп тұрады. Қоңыратта күн сайын ондаған мың тонна мыс кені шығарылады. Балқаш мыс заводына керекті кеннің төрттен бірін Жезқазған руднигі беріп тұрады. Орталық Қазақстанда Қарсақпай мыс заводы бар. Бұл завод өзіне керекті кенді Успенскі руднигінен және Жезқазғаннан алып тұрады. Отан соғысының алғашқы жылында Қазақстанның түсті метал кәсіп орындары елімізге қорғасынның 1940 жылғыдан 7,2 процент, мысты 22,8 процент көп берді. 1944 жылы мыс

миллион киловатт электр қуатын берсе, қазіргі уақытта жүздеген миллион киловатт электр қуатын береді.

Мұнан небары 15 жыл бұрын—1930 жылы Қазақстанның ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 94 процент, ал республикамыздың өнеркәсібінің өнімі 6 процент еді. 1940 жылдың өзінде-ақ Қазақстанның ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 40 процентке түсіп, өнеркәсібінің өнімі 60 процентке жетті. Қазақстанның өнеркәсібінің өркендеуі туралы негізгі мәліметтер осындай.

Сталиндік төртінші бес жылдықта Қазақстан өнеркәсібінің оған сайын күшейетіндігіне сенім зор.

С О В Е Т Т Е Р О Д А Қ Ы Н Д А

ЛЕНИННІҢ 4-РЕТ БАСЫЛЫП ШЫҚҚАН ШЫҒАРМАЛАРЫНА ШЫЛАРДЫ ҚАЙТА ТІЗІМГЕ АЛУ

өттік саяси-әдебиет баспасының шығармаларын 4-рет қай шығарады. Осыған байланыс-магазиндері, РСФСР мемлекеттік бірлескен кітап саудасы республикалардың тағы басқа да ұйымдары 1946 жылғы 1-қайың осы басылып шығатын жазылушыларды қайта тізімге жүргізеді.

ізілу үшін квитанция немесе ызылғандықты растайтын басқа көрсетіледі. Тізімге қайта тізіл-дар, кітапханалар мен ұйым-н басылып шығатын томдарды

(ТАСС).

ІЧТІҢ ТРАКТОР БРИГАДАСЫ ҰҚ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАДЫ

30, 29 октябрь. (ТАСС). Қуздағы атақты тракторшы А. басқарған трактор бригадасы бүкіл Қузбассқа жайылды. бригада тракторлармен іс-ыстың үш жылдық жоспарын 5 аттың күні бар әрбір трактормен 986 гектар жер жырт

еңбекті дұрыс ұйымдастыру жұмысқа дұрыс пайдалану және тапсырмалардың орындалуын ып отыруды тағайындау нәти-зор табысқа ие болды. Бри-рі жанармайды үнемдеп ып жұмыстары кезінде брига-й жанар және жағар майлар-

КӘСІПШІЛЕР ОДАҚТАРЫНЫҢ БҮКІЛ ОДАҚТЫҚ ОРТАЛЫҚ СОВЕТІНДЕ ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ ШАҒЫМЫН ҚАРАУ ЖӨНІНДЕ КӘСІПШІЛЕР ОДАҚТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСARTU TYPALY

Кәсіпшілер одақтарының бүкіл одақтық Орталық Советінің Президиумы жұмыс-шылар мен қызметкерлердің шағымдары мен арыздарын қарау жөнінде кәсіпшілер одақтарының жұмысын жақсарту туралы қаулы қабылдады.

Қаулыда, кәсіпшілер одақтарының ұйымдары өздеріне түскен әрбір ауызша немесе жазбаша шағымды қарауға ерекше назар аударып отырғандығы атап көрсетілген. Кәсіпшілер одақтарының Орталық Комитеттерінің председателдері шағымдарды дер кезінде дұрыс қарауға, Орталық Комитеттердің Президиумы мәжілісінде он күн мерзімі ішінде бұл мәселе жөнінде баяндама тыңдауға жауапты болады. Еңбекшілердің шағымын қарау тәжірибесіндегі болған кемшіліктер жойылуға тиіс.

Кәсіпшілер одақтарының Орталық Советі 1945 жылғы ноябрь, декабрь айларында республикаларда, облыстарда, аудандарда, фабрикаларда, заводтар мен кәсіпшілер одақтарының жергілікті комитеттерін де шағымдар мен арыздарды қарау жөнінде тексеру өткізуге міндетті. Бұл міндеттемені бұдан былай да орындап отыру, кәсіпшілер одақтары ұйымдары жү-

мыстарының негізгі бөтегі болып саналады.

Кәсіпшілер одақтарының Орталық Комитетінің председателі жауапты қызметкерлердің арыздарды жергілікті жерде дұрыс және тез қарауға баруын ұйымдастыруға тиіс. Бұл жұмысқа кәсіпшілер одақтарының активтері тартылатын болсын.

Кәсіпшілер одақтарының Бүкіл одақтық Орталық Советінің Президиумы шағымдарға ат үсті қарап, оған қалай болса солай жауап қайтаруға тиіс. Кәсіпшілер одақтарының қызметкерлері әрбір шағымға түсінікті, дұрыс жауап қайтаруға міндетті. Кәсіпшілер одақтары ұйымдарына шағымдарды атүсті қарауға қарсы, жұмысшылар мен қызметкерлердің шағымна кәсіп орны басшыларының цех бастықтарының, жұмысшылар комитетінің жұмысшылардың тұрмыс хажетін өтеу бөлімі қызметкерлерінің, асхана, дүкен менгерушілерінің немкетті қарауына қарсы күрес жүргізуге міндеттелді. Кәсіпшілер одақтары бұл жөнінде қылмыстыларды әпкерелеп, оларды жауапқа тартуға тиіс.

(ТАСС).

АҢШЫЛАР МЫЛТЫҒЫ

ТУЛА, 29 октябрь. (ТАСС). Мылтық жасайтын заводтың цехтарында октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарыс кеңінен өріс алды. Бір стволды әртүрлі мылтық дайындау жөніндегі міндеттеме ойдағыдай орындалуда. Мұнымен бір

ге, екі стволды мылтық дайындау жұмысы да қызу жүргізіліп жатыр.

Тәжірибелі шеберлер аңшылар үшін жаңа мылтықтар әзірлеу ісіне ұсыныстар кіргізуде.

САРАТОВ—МОСКВА ГАЗ ТҮТІГІ ҚҰРЛЫСЫНДА

САРАТОВ, 31 октябрь. (ТАСС). Көше Ельшанкада № 36 скважинаны сынау аяқталды. Алдын ала алынған дерек бойынша, оның жұмыс өнімі кемінде бір-жарым миллион текшеметр газ болмақ. Бұл Ельшанка ауданындағы ең қуатты скважина болып саналады. Скважинада құрылыс жұмысын шебер Татарников және Ельшанка ауданындағы құрылыс жұмысының бастығы Харчеваников жолдастар басқарды. Скважина мерзімінен бір ай бұрын пайдаланылуға берілді.

Сол сыяқты № 42 және 43 скважиналарда құрылыс жұмысы аяқталып, бұл скважиналар сыналуда. Саратов—Москва газ түтігі құрылысының жұмысшылары даңқты мерекені лайықты істермен қарсы алу үшін социалистік жарысқа ұшта-сып, түтікті мерзімінен екі ай бұрын пайдалануға беруге міндеттенді.

БІР МИЛЛИОН АЙНА

ССРО құрылыс жабдықтары өнеркәсібі Халық Комиссариатының айна жасайтын кәсіп орындары еңбекшілер үшін айна жасап шығару жұмысын кеңейтті. Горький қаласындағы айна жасайтын завод айналардың жаңа түрлерін жасау ісін ітерді.

Сол сыяқты, Гомель, Ирбитскі, Мише-ропскі, Константинов, Дзержинский атындағы заводтар тағы басқа кәсіп орындары айнаның жаңа түрлерін көптеп жасауда.

Төртінші тоқсанда бір миллиондай айна жасалып шығарылады. (ТАСС).

«Жауынгерлік листок» пен қабырға газеттерін уақытында шығарылып, оларда колхоз шаруашылығындағы жетістіктер мен кемшіліктердің жазылуын қамтамасыз етті. Т. КӨНІМОВ.

5—7 мөлшер орын ады

Двигательдер жасайтын заводтағы комсомол-жастар бригадаларының мүшелері Ұлы Октябрь мерекесі және Қазақ ССР-ның 25 жылдығы қарсаңындағы стахановтық вахтаға тұрып, айлық тапсырманы мерзімінен бұрын орындауға міндеттенген еді. Бұл міндеттемені орындауда Михаил Киселев жолдас басқарған комсомол-жастар бригадасының мүшелері үздік келеді. Бұл бригаданың мүшелері вахталар кундерінде бұрын-соңды болып көрмеген еңбек ерлігінің үлгісін көрсетуде. Жастар Ленин комсомолының 27 жасқа толған күні айлық тапсырманы мерзімінен бұрын орындап шықты. Олар өндірістік тапсырманың орындалуын 300 процентке жеткізді. Бригаданың жеке мүшелері бір айда 5—7 мөлшер орындады. Әсересе Аркади Добровольцев, Анатолий Наумов және Петр Вахрамеев жолдастарының мәнінде стахановша жұмыс істеудің игі жақсы үлгілерін көрсетті. Е. БЕЛГІБАЕВ.

Қызыл Тулы жыйнақ кассасы

Петропавлдағы орталық жыйнақ кассасының коллективі ақшадай қор жыйнау да және мемлекеттік қарыздардың билеттерін таратуда тоқсандық тапсырмаларды ойдағыдай орындап келеді. Жыйнақ кассасының қызметкерлері өздерінің барлық қабілеттілігін тапсырманы ойдағыдай орындауға және жыйнақ кассасына келушілерді мәдениетті қамтуға жұмсауда. Мұның өзі қаржы жыйнау жөніндегі жоспардың орындалуына көп әсер етті.

Екінші тоқсанда ойдағыдай жұмыс істегені үшін жыйнақ кассасының коллективіне 5 мың сом сыйлық берілді. Қазір жыйнақ кассасының коллективі финан-с қызметкерлері кәсіпшілер одағының ауыспалы Қызыл Туын алды.

30 адам сауаттанды

Петропавлдағы бастауыш және орта мектептердің оқытушылары еңбекшілер арасында сауатсыздықты жою мәселесіне бас көңіл аударуда. Оқытушылар өздерінің негізгі жұмыстарынан кейін сауатсыздарды оқытады.

Оқытушы Цепсельская жолдас қазірдің өзінде 30 адамды сауаттандырып шығарды.

Осы сыяқты, № 6 мектептің оқытушылары Суслова, Иванов және Кугушева жолдастар да сауатсыздықты жою ісіне белсене қатысуда.

портының жұмысшылары барлық негізгі порттардың жұмысшылары қайтадан жұмысқа кіріскен кезде ғана ереуіл жасауды тоқтатуды ұйғарды.

Азық-түлік тиіп әкелген кемелердің жүгін түсіру үшін Мерсей өзенінің атына көп әскер келіп түсті.

Англия порт жұмысшылары ереуілінің барысы

ЛОНДОН, 31 октябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Англияның транспорт министрі кемелерге жүк тиеу және олардың жүгін түсіру үшін үкметтің ереуілі болып жатқан порттарға барған сайын көптеп әскер жіберіп отырғандығын мәлімдеді. Бүкіл елде 40 мыңнан аса порт жұмысшысы, оның ішінде Лондон портының 13 мыңнан аса жұмысшысы ереуіл жасап жүр. Лондон портында қазіргі күнде 5 мың солдат жұмыс істеуде.

Аргентина өкіліне халықаралық еңбек бюросының конференциясына қатысу правосы берілмеді

ПАРИЖ, 30 октябрь. (ТАСС). Ағылшын және француз жұмысшылары өкілдерінің наразылық білдіруіне байланысты, халықаралық еңбек бюросы конференциясының мандат комиссиясы Аргентина жұмысшыларының өкілі Гуан Родригеске халықаралық еңбек бюросының конференциясына қатысуға право бермеу туралы бірауыздан қарар қабылдағандығын Рейтер агенттігі хабар етті. Конференцияға Аргентинаның үкмет өкілдігін қатыстыру туралы мәселе әлі шешілген жоқ.

Явадағы оқылғалар

ЛОНДОН, 31 октябрь. (ТАСС). Бүгін таңертең Лондон радиосы. Одақтастардың Ява аралындағы қарулы күштерінің командованиесі штабының Ява-Сурабай портты қаласындағы ағылшын әскерлері қолбасшысының өлтірілгендігі туралы хабарын берді. Англияның Сурабайдағы әскерлерінің қолбасшысы Сокарномен келіс сөздер жүргізген болатын, сөйтіп кеше уақытша бітім шарты жасалған еді. Алайда, Сурабайда соқтығысу тоқталған жоқ.

Жауапты редактордың орынбасары Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.

«ОКТАБРЬ» кино-театрында Бүгін және күн сайын «БОРАН»

деген дыбысты фильм көрсетіледі. Сеанстар кешкі сағат 6-8-10-да басталады.

Касса күндізгі сағат 3-тен бастап ашық.